**Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысы

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2003 жылдарға арналған іс-қимыл Бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" РМК Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған Бағдарламасы**

Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.16. N 353 , 2003.05.20. N 462 қаулыларымен.

Паспорты

Атауы — Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу туралы — "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 ақпандағы кеңейтілген мәжілісінде айтылған тапсырмаларын

орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 наурыздағы N 367 қаулысы

| | |
|---|---|
| Негізгі әзірлеушілер | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" РМК, "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы" РМКК, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" РМКК және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Аграрлық зерттеулер ұлттық академиялық орталығы" РМКК |
| Бағдарламаның мақсаты | Ішкі өндірісті кеңейту және өндірістік-техникалық мақсаттағы бәсекеге қабілетті өнімдер шығару, ел экономикасын қажетті машиналармен, жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен, кепілдендірілген және кепілденгеннен кейінгі сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, импортты алмастыру және экспорттың мүмкіндіктерін арттыру |
| Бағдарламаның міндеттері | Бағдарламаның мақсатына сәйкес мынадай міндеттерді:<br>- өндірістің базалық салаларының қажетіне, оларға қажетті өнімдердің номенклатурасын игерудің техникалық экономикалық орындылығына талдау жасаудың негізінде республикада машина жасаудың дамуын болжауды;<br>- басымдықты салалар үшін машина жасау өнімдерін шығару жөніндегі технологиялық тізбектердің кешенін құруды; |

- машина жасау ұйымдарын (бұдан әрі - машина жасау кәсіпорындары) диверсификациялауды және қайта бейіндеуді;

- Бағдарламаны ғылыми, ғылыми-техникалық және кадрмен қамтамасыз етуді;

- машина жасау жөніндегі ақпараттық орта қалыптастыруды;

- машина жасау өнімдерін тұтыну мен өткізудің маркетингін;

- отандық тауар өндірушілерді қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді;

- шетелдік және отындық инвесторларды тартуды шешу көзделіп отыр.

Бағдарламаның іс-шаралары

- машина жасауды дамытудың қаржы-несиелік негізгі және инвестициялық қолдау;

- машина жасауды дамытуды инновациялық қолдау;

- мақсатты республикалық, аймақтық, салааралық, салалық, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу;

- машина жасауды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

- машина жасау кешенінің инфрақұрылымын дамыту;

- ұлттық машина жасаудың ТМД елдері экономикасына және әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне ықпалдасуы.

Қаржыландыру көлемі мен көздері

- Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржылық шығындар республикалық бюджет есебінен көзделеді, жыл сайынғы көлем тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады және 2001-2003 жылдарға 8 344 мың теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 3 000 мың теңге, 2002 жылға - 5 344 мың теңге. <*>

Іске асыру Бағдарламаны іске асыру 2000-2003 жылдар кезеңіне белгіленген

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 ақпандағы кеңейтілген мәжілісінде айтылған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес әзірленді.

Республиканың машина жасау кәсіпорындарының жұмысы үшін қолайлы жағдай жасау бөлігінде Жаңа өнеркәсіптік саясатты іс жүзінде іске асыру Бағдарламаны әзірлеу үшін уәждеме болды.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясында белгіленген елдің экономикалық дамуының ұзақ мерзімдік басымдылықтары, сондай-ақ "1999-2003 жылдарға арналған мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттары" мен "Ауыл шаруашылығы өндірісі мен онымен аралас салаларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарында белгіленген өнеркәсіптік саясаттың негізгі міндеттері ескерілді.

Бағдарлама машина жасау кешенін республиканың өзінің техникалық және пайдалану көрсетілімдері бойынша ең үздік шетелдік баламдардан қалыспайтын жоғары технологиялық техникаға қажетінің кемінде 60-70%-ын қамтамасыз ететін өнеркәсіптің жетекші көп салалы секторына айналдырудың және қатаң нарықтық жағдайда бәсекелестік қабілетті өнімдерді басымдықпен шығару арқылы Қазақстанның машина жасауын сауда-экономикалық байланыстардың әлемдік шаруашылықтық жүйесіне ықпалдастырудың ұзақ мерзімді стратегиясының (15-20 жыл) бірінші кезеңі ретінде әзірленді.

Бағдарламаны, біріншіден, құлдырауды жеңудің, өндіріс көлемдері мен өнімдерді сатуды арттырудың, оның сапалық деңгейі мен бәсекелестік қабілеттілігін көтерудің есебінен жұмыс істеп тұрған машина жасау кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру және жеделдетілген дамыту Бағдарламасы ретінде, екіншіден, машиналар мен жабдықтардың кейбір принципті жаңа түрлерін республикада әзірленген, өнеркәсіптік игеруі аталған Бағдарлама мерзімдерінің аяқталуынан тыс шамаланып отырған басқа да өнімдерді игерудің (жобалау-конструкторлық әзірлеу мен тәжірибелік шығару сатысындағы) бастапқы кезеңінің Бағдарламасы ретінде қарастырған жөн.

## 1. Қазақстанның машина жасау кешенінің жалпы сипаттамасы мен қазіргі жағдайы

КСРО халық шаруашылығы кешенінің құрамында Қазақстанға негізінен ірі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруші рөлі бөлінген болатын. Машина жасауды дамытуға тиісті көңіл бөлінбеді - республиканың машина жасау өнімдеріне қажетті негізінен Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан және Одақтың басқа да аймақтарынан әкелудің есебінен қамтамасыз етіліп отырды. Сонымен бірге, қазақстандық заводтардың өнімдері, ең алдымен металл өңдеу, жинақтаушы және т.б. бұйымдар түпкілікті өнімді шығаратын және республикадан тысқары жерлердегі заводтарға берілді.

Одақ ыдырағаннан кейін шаруашылық байланыстардың бұзылуы және дағдарыстық құбылыстардың артуы жағдайында Қазақстанның машина жасау кешенінің дамуы толық тоқтады.

Машина жасау өндірісі қуаттарының қысқаруы, оның жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауы (1-кесте) басталды және әлі күнге дейін жалғасуда.

**1-кесте**

Машина жасау саласындағы өндірістің нақты көлемінің индекстері
(1985 жыл = 100%)

| Жылдар | 1990 | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Машина жасау | 110,7 | 113,4 | 94,9 | 81,0 | 50,9 | 36,8 | 34,4 | 25,7 | 19,8 | 18,9 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Өнеркәсіптің салалық құрылымындағы машина жасау үлесі айтарлықтай өзгерді (2-кесте.).

**2-кесте**

Базалық салалар бойынша өнеркәсіптің құрылымы:

| Жылдар | Отын-энергетикалық кешен, % | Тау-кен металлургиялық кешені, % | Машина жасау, % | Химия өнеркәсібі, % | Жеңіл өнеркәсібі, % | Тамақ өнеркәсібі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1990 | 20,5 | 16,5 | 15,9 | 6,5 | 18,3 | 22,3 |
| 1995 | 28,4 | 26,9 | 7,3 | 23,8 | 2,4 | 11,2 |
| 1996 | 46,5 | 22,5 | 7,1 | 3,6 | 3,3 | 17,0 |
| 1997 | 47,7 | 25,7 | 5,0 | 2,1 | 2,1 | 17,4 |
| 1998 | 48,3 | 26,3 | 3,7 | 1,4 | 1,5 | 18,8 |
| 1998 | 50,8 | 28,1 | 2,7 | 1,3 | 1,7 | 15,4 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Салада жұмыс істейтіндердің саны, олардың республика өнеркәсібіндегі өнеркәсіптік өндірістік қызметшілердің жалпы санындағы үлесі айтарлықтай қысқарды (3-кесте).

**3-кесте**

Машина жасау кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік өндірістік қызметшілердің саны

| Көрсеткіштер атауы | 1990 | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өнеркәсіптік өндірістік қызметшілердің саны, мың адам | 387.2 | 342.8 | 326.2 | 272 | 234 | 202.3 |
| өткен жылға қарағанда %-бен | - | 88.5 | 95.2 | 83.4 | 86.0 | 86.5 |
| 1990 жылға қарағанда %-бен | 100 | 88.5 | 84.2 | 70.2 | 60.4 | 52.2 |
| ҚР өнеркәсібі ӨӨЖ-ің жалпы санына %-бен | 28.5 | 24.8 | 24.1 | 22.8 | 20.9 | 19.7 |

таблицаның жалғасы

| 1996 | 1997 | 1998 | 1999 |
|---|---|---|---|
| 176.1 | 139.7 | 90.2 | 67.0 |
| 87.0 | 73.9 | 64.6 | 74.2 |
| 45.5 | 36.1 | 23.3 | 17.3 |
| 19.2 | 17.4 | 11.9 | 10.9 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

1990 жылғы 3902-ге қарағанда 1999 жылдың ортасына қарай республикада 1862 машина жасау бейініндегі кәсіпорын қалды. Қазіргі уақытта барлық машина жасау

кәсіпорындарының тек 5,4% - түпкілікті өнімдерді өндірушілер, қалғандарының мамандандырылуы - жинақтаушылық бұйымдар, қосалқы бөлшектер, жөндеу қызметтерін көрсету және т.б. Сала үшін өндірістің, әсіресе түпкілікті өнімдер бойынша жоғары дәрежеде монополизациялануы тән.

1992-1995 жылдары машина жасау басымдықты салалардың қатарынан шығарылып тасталған еді, бұл кәсіпорындардың негізгі капиталын инвестициялау проблемасын шиеленістіре түсті, іс жүзінде олардың көпшілігін кеңейтілген ұдайы өндірісті, өндірістік қорларды қайта жаңғыртуды және жаңартуды жүзеге асыру мүмкіндігінен айырды (4-кесте)

**4-кесте**

Инвестицияларды негізгі капиталға ұдайы айналдырудың көлемі мен көрсеткіштері

| | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Машина жасау мен металл өңдеу, барлығы | | | | | | |
| Млн. теңге | 64 | 445 | 928 | 597 | 389 | 849 |
| Млн. АҚШ доллары | 13.76 | 12.44 | 15.23 | 8.87 | 5.16 | 10.84 |
| өнеркәсіптегі инвести. циялардың жалпы көлеміне % - бен | 3.0 | 1.0 | 1.1 | 0.9 | 0.5 | 0.6 |
| Инвестициялардың ұдайы өндіру құрылымы: | | | | | | |
| Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техникалық қайта жарақтануы мен қайта құрылуы, % | | 75.9 | 83.4 | 85.2 | 94.1 | 97.3 |
| Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту % | | 18.1 | 14.1 | 10.1 | 0.7 | 0.7 |
| Жаңа құрылыстар, % | | 3.0 | 0.4 | 0.4 | - | 0.7 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен шетелдік формалардың негізгі | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| капиталына инвестициялар | | | | | |
| Млн. теңге | 1.0 | 99.0 | 15.0 | 12.0 | 340.0 |
| Млн.АҚШ дол. | 0.027 | 1.62 | 0.223 | 0.15 | 4.34 |
| Өнеркәсіптегі инвестиция. лардың жалпы көлеміне %-бен | 0.00 | 0.12 | 0.02 | 0.01 | 0.25 |
| Негізгі қорларды қолданысқа енгізу | _ | _ | | | |
| Млн. теңге | | 830 | 363 | 499 | 830 |
| Млн.АҚШ дол. | | 13.6 | 5.4 | 6.6 | 10.6 |
| барлық өнеркәсіпке %-бен | | 1.37 | 0.55 | 0.7 | 0.86 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (Қазақстанның Статистикалық жылнамасы, 1998-1999 жылдар, "ҚР құрылысы", 1998-1999 жылдар)

Машина жасау кешенінің негізгі капиталына инвестициялардың өткір жетіспеушілігі оларды ұдайы өндірудің құрылымдық ерекшеліктерін айқындады. Соңғы 5 жылда салада іс жүзінде жаңа құрылыс жүргізілмей отыр. Осы жылдары капитал жұмсаудың барлық көлемі дерлік жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтауға және қайта жаңғыртуға бағытталды. Алайда, пайдаланылған инвестициялардың болмашы мөлшерінен салыстырмалы түрдегі бұл тұтас алғанда машина жасаудың өндірістік қуаттарының техникалық жағдайы мен техникалық деңгейіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Сала өнеркәсіпте өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорларды іске қосудың және жаңартудың көрсеткіштері бойынша соңғы орындардың біріне ие болып отыр (4,5-кестелерді қараңыз).

**5-кесте**

Қазақстанның машина жасау саласы өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорларының (ӨӨНҚ) жай-күйі

(1997 жылдың аяғына)

| Өндірістің бейіні | ӨӨНҚ құрылымы, % | ӨӨНҚ-дың ескіруі, % | Жаңарту коэффи. | Істен шығу коэффи- |
|---|---|---|---|---|

| | ғима-<br>рат.<br>тар<br>мен<br>құры.<br>лыс.<br>тар | бері-<br>летін<br>қон.<br>дыр.<br>ғылар | маши.<br>налар<br>мен<br>жаб.<br>дық.<br>тар | көлік<br>құрал<br>дары | басқа<br>да | негіз<br>гі<br>қор.<br>лар | циенті,<br>% | циенті, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Машиналар мен жабдық. тарды өндіру | 43.7 | 5,6 | 44.9 | 4.0 | 1,8 | 46.1 | 2.0 | 9.6 |
| Электр машинасы мен жабдықтарды шығару | 32.6 | 4,1 | 55.6 | 5,3 | 2,4 | 54.3 | 3,1 | 2,3 |
| Радио, теле. видения және байланыс үшін жабдық. тар мен аппаратуралар шығару | 45.7 | 2,2 | 50,0 | 2.0 | 0.1 | 29,3 | 10,1 | 0.1 |
| Медициналық аспаптар, прецизиондық және оптика. лық сайманды сағаттар шығару | 44.4 | 7.0 | 42.4 | 2,7 | 3,5 | 44,7 | 1,2 | 2,5 |
| Автомобиль өнеркәсібі | 45.0 | 10,1 | 38.7 | 4,8 | 1,4 | 54.4 | 1.0 | 0.4 |
| Басқа да көлік құралдарды | 37.1 | 5,2 | 48.0 | 6.2 | 3,5 | 51.6 | 2,1 | 2,1 |

шығару

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (Қазақстанның Статистикалық жылнамасы, 1998-1999 жылдар, "ҚР құрылысы" 1998-1999 жылдар) ӨӨНҚ-ның белсенді бөлігін (машиналар, жабдықтар, беру қондырғылары, көлік құралдары) пайдаланудың нормативтік мерзімдерінің бәсең бөлігіне (ғимараттар, құрылыстар) қарағанда анағұрлым қысқалығы жағдайды күрделендіріп отыр.

Құрылымындағы машина жасау саласы ӨӨНҚ-ның бәсең бөлігінің үлесіне (басқа негізгі қорлармен бірге) барлық қордың 40-45%-ы келетін болғандықтан, ӨӨНҚ-ның 44-45%-ға тозуы іс жүзінде саланың өндірістік аппаратының барлық белсенді бөліктерінің тозудың шекті-жол берілетін жағдайында екендігін білдіреді.

1997 жылдан бастап машина жасау саласы тұтастай алғанда шығынды болып табылады. 1998 жылы шығынның сомасы 5.275 млн. теңгені (67,3 млн. АҚШ долл.) құрады, шығындылық деңгейі - 27,7%.

Саладағы дағдарысы машина жасау өнімдері экспортының қысқаруымен ұштасып отыр (6-кесте).

**6-кесте**

Машина жасау өнімдерінің экспорты

| | 1995 ж. | | 1996 ж. | | 1997 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен | млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен | млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен |
| ҚР экспорты, барлығы | 5250.2 | 100 | 5911 | 100 | 6497.0 | 100 |
| Машина жасау өнімдерінің экспорты | 236.0 | 4.5 | 331.1 | 5.6 | 249.6 | 3.8 |
| ТМД елдеріне | 196.0 | 3.7 | 292.5 | 4.9 | 223.0 | 3.4 |
| ТМД-ң тысқары жерлерге | 40.0 | 0.8 | 38.6 | 0.7 | 26.6 | 0.4 |
| Оның ішінде: | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Машиналар, жабдықтар мен тетіктер, электр, радио-, телеаппаратура, олардың бөлшектері мен керек-жарақтары | 143.1 | 2.7 | 207.2 | 3.5 | 160.1 | 2.5 |
| ТМД елдеріне | 132.2 | 2.5 | 197.3 | 3.3 | 149.1 | 2.3 |
| ТМД-дан тысқары жерлерге | 10.9 | 0.2 | 9.9 | 0.2 | 11.0 | 0,2 |
| Жер беті, әуе, су көлік құралдары, олардың бөлшектері мен керек-жарақтары | 59.4 | 1.1 | 92.1 | 1.5 | 70.0 | 1.1 |
| ТМД елдеріне | 54.6 | 1.0 | 84.3 | 1.4 | 66.1 | 1.0 |
| ТМД-дан тысқары жерлерге | 4.8 | 0.1 | 7.8 | 0.1 | 3.9 | 0.1 |
| Оптикалық, фото- және кинемато. графиялық, өлшеу медициналық және басқа да аспаптар мен | 10.0 | 0.2 | 17.7 | 0.3 | 9.3 | 0.14 |

аппараттар, сағаттармен, муз. аспаптар, олардың бөлшектері,

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ТМД елдеріне | 5.3 | 0.1 | 7.0 | 0.1 | 5.2 | 0.08 |
| ТМД-дан тысқары жерлерге | 4.7 | 0.1 | 10.7 | 0.2 | 4.1 | 0.06 |
| Қару-жарақтар, оқ-дәрілер және олардың бөлшектері | 23.5 | 0.5 | 14.1 | 0.23 | 10.3 | 0.16 |
| ТМД елдеріне | 3.9 | 0.1 | 3.9 | 0.06 | 2.6 | 0.05 |
| ТМД-дан тысқары жерлерге | 19.6 | 0.4 | 10.2 | 0.17 | 7.7 | 0.11 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі.

таблицаның жалғасы

| 1998 ж. | | 1999-1-жарты жылдық | |
|---|---|---|---|
| млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен | млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен |
| 5403.8 | 100 | 2026.5 | |
| 135.8 | 2.5 | 54.6 | |
| 103.9 | 1.9 | 28.6 | |
| 31.9 | 0.6 | 26.0 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 81.7 | 1.5 | | 29.0 |
| 65.1 | 1.2 | 21.8 | 1.1 |
| 16.6 | 0.3 | 7.2 | 0.3 |
| 39.2 | 0.7 | 6.8 | 0.33 |
| 31.9 | 0,6 | 5.6 | 0.28 |
| 7.3 | 0.1 | 1.2 | 0.05 |
| 6.7 | 0.12 | 3.0 | 0.14 |
| 5.7 | 0.10 | 1.2 | 0.06 |
| 1.0 | 0.02 | 1.8 | 0.08 |
| 8.2 | 0.15 | 15.8 | 0.8 |
| 1.2 | 0.02 | - | - |
| 7.0 | 0.13 | 15.8 | 0.8 |

Қазақстанда өз өндірісінің есебінен машина жасау өнімдеріне ішкі қажетті 50% қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өнеркәсіптік база бар. Алайда, 1993-94 жылдары өз айналымдық қаражатының толығымен ысырап болуынан және негізгі қорларды жаңарту процесін жүзеге асыру үшін негізгі капиталға инвестицияның жоқтығынан КСРО кезінен дәстүрлі түрде өндірілетін өнімдердің бәсекелестік қабілеті аз. Осыған байланысты республикада тұтынушылар машина жасау өнімдерін шетелдерден импорттайды (7-кесте). Әрі Қазақстанда өндірілетін және сапасы бойынша ығыспайтын , бірақ бағасы едәуір жоғары өнімдер де импортталады.

**7-кесте**

Машина жасау өнімдерінің импорты

| | 1995 ж. | | 1996 ж. | | 1997 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | млн. | ҚР бойынша | млн. | ҚР бойынша | млн. | ҚР бойынша |

| | !долл. | !жалпы көлемге !%-бен | !долл. | !жалпы !көлемге !%-бен | !долл. | !жалпы !көлемге !%-бен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ҚР экспорты, барлығы | 3806.7 | 100 | 4241.1 | 100 | 4300.8 | 100 |
| Машина жасау өнімдерінің импорты | 1093.5 | 28.7 | 1243.9 | 29.3 | 1462.4 | 34.0 |
| ТМД елдерінен | 585.3 | 15.3 | 707.8 | 16.7 | 568.1 | 13.2 |
| ТМД-ң тысқары жерлерден | 508.2 | 13.4 | 536.1 | 12.6 | 894.3 | 20.8 |
| Оның ішінде: | | | | | | |
| Машиналар, жабдықтар мен тетіктер, электр, радио-, телеаппаратура, олардың бөлшектері мен керек-жарақтары | 754.2 | 19.8 | 813.9 | 19.2 | 1003.1 | 23.3 |
| ТМД елдерінен | 370.1 | | 438.1 | | 337.9 | |
| ТМД-дан тысқары жерлерден | 384.1 | | 375.8 | | 665.4 | |
| Жер беті, әуе, су көлік құралдары, олардың бөлшектері мен | 265.0 | 7.0 | 360.0 | 8.5 | 367.7 | 8.5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| кeрек-жарақтары | | | | | | |
| ТМД елдерінен | 195.2 | | 245.6 | | 207.2 | |
| ТМД-дан тысқары жерлерден | 69.8 | | 114.4 | | 160.5 | |
| Оптикалық, фото- және кинемато. графиялық, өлшеу медициналық және басқа да аспаптар мен аппараттар, сағаттармен, муз. аспаптар, олардың бөлшектері, | 72.7 | 1.9 | 67.5 | 1.6 | 89.3 | 2.1 |
| ТМД елдерінен | 18.9 | | 21.7 | | 21.3 | 14.8 |
| ТМД-дан тысқары жерлерден | 53.8 | | 45.8 | | 68.0 | 76.8 |
| Қару-жарақтар, оқ-дәрілер және олардың бөлшектері | 1.6 | 0.04 | 2.5 | 0.06 | 2.1 | 0.05 |
| ТМД елдерінен | 18.9 | | 21.7 | | 21.3 | |
| ТМД-дан тысқары жерлерден | 53.8 | | 45.8 | | 68.0 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қару-жарақтар, оқ-дәрілер және олардың бөлшектері | 1.6 | 0.04 | 2.5 | 0.06 | 2.1 | 0.05 |
| ТМД-дан тысқары | 1.6 | | 2.4 | | 1.7 | |
| Жерлерден | 0.5 | | 0.1 | | 0.4 | |

Деректер көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі.

**таблицаның жалғасы**

| 1998 ж. | | 1999-1-жарты жылдық | |
|---|---|---|---|
| млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен | млн. долл. | ҚР бойынша жалпы көлемге %-бен |
| 4256.6 | 100 | 1624.8 | 100 |
| 1498.5 | 35.2 | 672.7 | 41.4 |
| 504.9 | 11.9 | 274.0 | 16.9 |
| 993.6 | 23.3 | 398.7 | 24.5 |
| 1020.1 | 24.0 | 390.3 | 24.0 |
| 231.1 | | 84.6 | |
| 789.0 | | 305.7 | |
| 385.0 | 9.0 | 236.0 | 14.5 |
| 257.7 | | 184.2 | |
| 127.3 | | 51.8 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 91.6 | 2.2 | 45.9 | 2.8 |
| 14.8 | | | 4.9 |
| 76.8 | | | 41.0 |
| 1.8 | 0.04 | 0.5 | 0.03 |
| 1.3 | | | 0.3 |
| 0.5 | | | 2 |

Өндіру мен тұтынудың балансын талдау (8-кесте) қазіргі уақытта машина жасау өнімдерінің қазақстандық рыногының 80%-ы шетелдік берушілердің тауарларымен толықтырылатындығын көрсетіп отыр.

Қазақстандық машина жасау өнімдерін тұтынудың төмен үлесі жеткіліксіз көлемдермен ғана емес оны шығарушылардың номенклатурасымен түсіндіріледі. Жоғарыда қажет болған кезде, егер бұған бірқатар кедергі жасайтын факторлар болмаса, қолдануға енгізілуі мүмкін пайдаланылмаған қуаттардың үлкен резерві бары атап өтілді.

Ең алдымен, бұл ұқсас шетел тауарларымен салыстырғанда қазақстандық бұйымдар сапасының анағұрлым төмендігі мен құнының жоғарылығы және солардың салдарынан олардың бәсекелік қабілетінің төмендігі.

**8-кесте**

1998 жылы машина жасау өнімдерін өндіру мен тұтынудың теңгерімі.

| Көрсеткіштер | млн. АҚШ долларымен | Жалпы көлемге қарағанда %-пен |
|---|---|---|
| ҚР-дағы өндіру және жеткізілім көлемі, барлығы | 1703 | 100 |
| соның ішінде і өндірісінің өнімдері | 372 | 21.8 |
| импортталатын өнімдер, барлығы | 1331 | 78.2 |
| соның ішінде ТМД елдерінен | 489 | 28.7 |

| | | |
|---|---|---|
| Тұтыну көлемі, барлығы | 1703 | 100 |
| соның ішінде өз өндірісінің өнімдері | 252 | 14.8 |
| ішкі рынокта | 1583 | 93 |
| Экспорт, барлығы | 120 | 7 |
| соның ішінде ТМД елдеріне | 97 | 5.7 |

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Мәселен, республикалық кәсіпорындардың 9-кестеде көрсетілген бұйымдарының басым көпшілігі Ресейден және басқа елдерден, тек қана, жақын емес, тіпті алыс шетелдерден де импортталатын ұқсас бұйымдарынан қымбат

Бір қатар жағдайларда бағадағы айырмашылық 40%-ға дейін жетеді. Мұның негізгі себебі - республикада машина жасаудың өз өндірісінің нашар дамуы: ол бүтіндей дерлік Ресейден және басқа ТМД елдерінен жеткізілетін жинақтаушы материалдар және басқа да ресурстарға негізделген, бұл жағдай жоғары көлік шығындарын ескергенде, олардың неғұрлым жоғары құнын айқындайды.

Егер қазақстандық өнімдерді ТМД-дан тысқары елдердегі бәсекелестіктердің бұйымдарымен салыстырсақ, олар қазақстандықтардан едәуір қымбат болса да, олардың өнімдеріне деген үлкен сұраныс анағұрлым жоғары сапалық сипаттамаларымен және сенімділігімен түсіндіріледі. Бұдан басқа, шетел инвесторлары дәстүрлі серіктестерімен көп жылғы жолға қойылған байланыстарын сақтауды артық көреді.

**9-кесте**

ҚР-ның ішкі рыногында машина жасау өнімдерінің салыстырмалы бағалары мен тұтыну құрылымдары

| Қазақстандық өнім | | | Ұқсас бұйымдарды дайындаушылар |
|---|---|---|---|
| Дайындаушы | Бұйымның атауы мен тұрпаты | Бұйым бірлігінің бағасы, доллар. | |

| | | мен | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| "Востокмаш зауыты" АҚ, Өскемен қаласы | Экскаваторлар, ұсақтағыштар, диірмендер үшін қосалқы бөлшектер | 1150-1300 | Ресей зауыттары |
| | Д-105, 110, 130 бұрғы қаптамалары | 40-50 | Қыштым маш. зауыты, Ресей |
| | d244, 50, КIIВ 1)244, 5 КII қашауы | 450 450 | Ресей, Украина |
| | Жерасты жұмыстарына арналған бір шөміш.ті фронталды жүк тиегіштер | 120000 | "Тамрок", Финляндия "Вагнер", АҚШ, "Атлас-Копко", Швеция |
| | Өздігінен жүретін бұрғылау машиналары | 78000 | -//- |
| | Жер асты автосамосвалдары | 63700 | -//- |
| "Тыныс" АҚ, Көкшетау қаласы | ОУ2 ОУ5 өртсөндіргіштері | 17.4 27.5 | Ресей зауыттары |
| | Газсығымдағыш арматура | 1.69 | Ресей және Беларусь зауыттары |
| "Тыныс" ААҚ, Көкшетау қаласы | Суық және ыстық су есептегіштер | 12.0 | Ресей |
| "Мұнайгаз. маш" АҚ, | Ду150(Ру-25) Ду100(Ру-25) сыналы | 125.0 | "Благовещенск арматура |

Өскемен !сырмалары ! !зауыты" ААҚ-мы
қаласы ! !131.0 !"Югокаменск машзауыты" ААҚ

---

!Фонтанды арматура: ! !
!АФК 1-65х21 !3150.0 !"Техномаш"
!АФК 3-65х21 !4100.0 !Челябинск қаласы

---

!Таған жабдықтары: ! ! -//-
!ОКК1-21-146х245 !1700 !
!ОКК1-21-268х245 !1700 !

---

"ПАЖМЗ" ААҚ,!Балалар, жасөспі. ! !
Петропавл !рімдер велосипед. !30.77 !Ресей зауыттары
қаласы !тері !46.16 !

---

!Мұнай өндіруге ! !
!арналған жабдықтар:! !
!көтергіш қондырғы !125000 !Ресей зауыттары
!бу қондырғысы !55000 !

---

!Темір жол жабдықта.! !
!ры: рельс бұрғылау !220.0 !"Калугатрансмаш" ААҚ
!станогы ! !
! Рельс кескіш !467.0 !
!станок ! !
!Рельс көтергіш !319.23 !
!Таркөз рихталағыш !138.47 !"Ремпутьмаш" АҚ, Калуга қ.
!темір жол домкраты !169.23 !

---

"Киров !Электр тетікші ! !
атындағы !есептеуіштер: ! !
ОБ" ААҚ, !Бір тарифті ! 22.7 !Ресей зауыттары
Алматы !үш фазалы бір және ! 40.9 !
!екі тарифті ! !

---

"Электроап.!Майлы сөндіргіштер !1488-1710 !"Уралэлектротяжмаш" АҚ,
парат" ААҚ,! ! !Ресей, "АВВРЗВА", БК
Шымкент ! ! !Украина
қ-сы ! ! !

---

"Астана- !Дестелегіштер !4610.0 !Ресей зауыттары
технопарк",!Сепкіштер !1540.0 !
Астана !Фронтальды шалғылар!138.0 !
қаласы !Бүріккіштер !2740.0 !

---

!Аспалы жабдықты !3850.0 !Ресей зауыттары
!шағын тракторлар ! !

---

"Қазақстан.!3-те сыныпты шын. !10500.0 !Волгоград және
трактор" !жыр табан трактор. ! !Алтай трактор зауыттары
А А Қ ! л а р ! !
П а в л о д а р ! ! !
қ а л а с ы ! ! !

---

!Ұнтақтағыш шарлар !285.0 !Ресей зауыттары

---

"Мұнайшы", !Штангілі малынған ! !
АҮАҚ !мұнай насостары !616-1200 !Ресей, Әзірбайжан
П е т р о п а в л ! ! !
қ - с ы ! ! !

---

!СВТ үлгісіндегі жылу! !
!энергиясын есептеу ! !
!приборлары !1750 !Ресей, Германия

---

!СВА тұрпатты шығын ! !
!есептегіштер !808 !Ресей, Германия

**таблицаның жалғасы**

---

Шетелдің ұқсас бұйымдарының құны! Қазақстан Республикасының ішкі
!рыногын иемдену, % (1998 ж.)

---

Бұйым бірлігінің бағасы !қазақстандық! импорттаушы елдің
_________________________________! өнім ! импорттық өнімдері
доллармен!Қазақстандық бұйымдар.! !
!дың бағасына қарағанда! !
! %-пен ! !

---

| 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|
| 900-1000 | 78.2-76.9% | 57% | 43% - РФ |
| 30-35 | 60-87.5% | 0% | 100% - РФ |
| 350-500 | 77.7-111% | 10% | 90% - РФ, Украина, АҚШ |
| 240000-<br>280000 | 200-233% | 40.8% | 59.2%-Финляндия,<br>АҚШ, Швеция |
| 125000 | 160.2% | 0% | 100% -//- |
| 240500 | 377.5% | 0% | 100% -//- |
| | | 13.3% | 86.7% - РФ |
| 11.9 | 68.4% | | |
| 18.43 | 67.05 | | |
| 1.42 | 95.3% | 23.2% | 76.8% - РФ, Беларусь |
| 9.86 | 82.1% | 10% | 90% РФ, Франция,<br>Германия |
| 89.0 | 59.3% | 20% | 80% - РФ |
| 92.0 | 70,2% | | |
| 1808.0 | 57.4% | 0% | 100% - РФ |
| 2200.0 | 53.6% | 0% | |
| 2017 | 118.6% | 0% | 100% - РФ |
| 2017 | 118.6% | 0% | 100% - РФ |
| 20.0 | 65% | 0% | 100% - РФ |
| 27.18 | 58.9% | 0% | |
| 46922 | 37.5% | 0% | 100% - РФ |
| 21600 | 39.2% | 0% | |
| 152.0 | 69.0% | 0% | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 304.0 | 65.9% | 0% | |
| 417.0 | 130.6% | 15% | |
| 217.0 | 156.7% | 0% | |
| 250.0 | 147.7% | 0% | 100% - РФ |
| 22.72 | 100.0% | | |
| | | 15% | 85% - РФ |
| 35.45 | 86.7% | | |
| 3000- | 175-268% | 100% | 0% |
| 4000 | | | |
| 2200.0 | 47.7% | мәлімет жоқ | мәлімет жоқ |
| 780.0 | 50.6% | | |
| 62.0 | 45.0% | | |
| 1232.0 | 45.0% | | |
| 3490.0 | 90.6% | мәлімет жоқ | мәлімет жоқ |
| 9000.0 | 85.7% | 61.0% | 39.0% - РФ |
| 280.0 | 98.2% | 60.0% | 40.0% - РФ |
| 678-1400 | 110-116% | 14.2% | 85-8 - РФ, Әзірбайжан |
| | | 7.0% | 93.0% РФ, Германия |
| | | 3.0% | 97.0% РФ, Германия |

Қазақстандық машина жасау өнімінің едәуір мөлшердегі бәсекелік қабілетсіздігі оны жетілдірудің төмен қарқынымен немесе мүлде жоқтығымен түсіндіріледі. Шығарылатын өнім үлгілерінің көпшілігі өндіріске кеңес уақытында жіберілген, техникалық және пайдалану көрсеткіштері, дизайны, сенімділігі мен ұзақтығы, қызмет көрсетуге жайлылығы бойынша шетелдік ұқсас өнімдерден елеулі ығысады. Сол себептен де, мысалы, фин, американдық немесе шведтік өндірістің кен өндіру машиналары бағасының едәуір қымбаттығына (2-4 есе) қарамастан, "Востокмашзауыт" АҚ шығаратын осы мақсаттағы техниканы қазақстандық рыноктан толықтай ығыстырып шығарды.

90-жылдардың басталуынан бері машина жасау өндірісінің инфрақұрылымы толық

дерлік жойылды - бірнеше ондаған жобалау, конструкторлық-технологиялық және ғылыми-зерттеу институттары, оның ішінде жоғары білікті ұйымдар санатына жататындары да, жабылды. Көптеген қатардағы орталықтар, бюролар мен басқа да сертификаттау, стандарттау және норманы бақылау, кадрлар даярлау және олардың біліктілігін көтеру, тәжірибелік-эксперименталдық базалар және т.б. объектілері таратылды.

Мұнымен бір мезгілде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында , қалған жобалау және басқа ұйымдарында штаттарды қысқарту, кадрларды жасарту және жаңарту жөніндегі көптеген науқандар өткізіле бастады. Жағдай, сондай-ақ жұмысшыларды жұмыстан шығарумен ұласқан жаппай сипат алған кәсіпорындардың уақытша және толық тоқтауымен (1993-1994 жж. машина жасау кешені зауыттарының 40-45 % дейіні бір мезгілде) шиеленісті.

Жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлауды жүзеге асыратын көптеген оқу орындары жабылды, жоғары білімнің машина жасау мамандықтарының номенклатурасы мен сақталып қалған мамандықтар бойынша оқуға қабылдау жоспары қысқарды.

Осының барлығының салдарынан республика машина жасау ғылыми-техникалық әлеуетінің едәуір бөлігінен айырылды, осы саланың жоғары білікті мамандары мен жұмысшыларының едәуір бөлігі елімізді тастап кетті.

Машина жасау өндірісінің техникалық және технологиялық деңгейіне, оны жаңғыртуға және техникалық-экономикалық көрсеткіштерін арттыруға жекелеген кәсіпорындардағы және жалпы еліміз бойынша өнертапқыштық және рационализаторлық қызмет жағдайы көп әсер етеді.

Республикадағы өнертапқыштықты патенттеу және авторлық құқықты қорғау мәселелері осы мақсаттағыларға ұқсас бұрынғы мекемелердің негізінде құрылған, бірақ өзінің қызметін ақылы көрсететін "Казпатент" АҚ-ның қарамағына берілді.

Өтініш беруші (өнер табыс авторы - заңды немесе жеке тұлға) өтінімді қабылдау және алдын ала жасау, патентті ресімдеу және беру үшін, патент алдын күшінде ұстап тұру үшін жыл сайын 5 жыл бойы, бұдан кейін - патентті ресімдеу және беру үшін және 20 жыл бойы жыл сайын, - оны күшінде ұстап тұру үшін "Казпатент" АҚ-на төлем жасайды.

Халықтың басым көпшілігі, оның ішінде техникалық зиялы қауым кірістері төмен санатқа жатқызылғанда, ал кәсіпорындар мен ұйымдар негізінен төлеуге қабілетсіз жағдайда, патенттеудің ақылы қызмет көрсетуін енгізу өнертапқыштық қызметті толық тоқтатумен ғана емес, мемлекеттің өзінің заңды және жеке тұлғаларының авторлық құқықтарын жоғалтуымен де уақытылы емес және қауіпті.

Отандық машина жасау өндірісін дамыту және оның ғылыми-техникалық деңгейін көтеру мүддесінде мемлекет патенттік құжаттаманы ресімдеу және оны құқықтық қорғау жөніндегі барлық шығындарды өзіне алып қана қоймай, өнертапқыштық

қызметті көтермелеудің, қазіргі заманғы материалдық-техникалық жабдықтармен жабдықталған патенттік-техникалық ұйымдар желісін кеңейтудің тиімді шараларын енгізуге тиісті.

Қазіргі жұмыс істеп тұрған қазақстандық кәсіпорындардың көпшілігі үшін бәсекелесуге қабілетті машина жасау өнімін өндіруді өз бетімен игеру бүгінгі күні іс жүзінде шешілмейді.

Мәселе қолда бар өндірістік қуаттарды жұмыс істейтіндей қалыпта ұстап тұру және бұрын игерілген өнімді үздіксіз шығаруды қамтамасыз ету үшін олардың қажетті айналым қаражаттарының жоқтығында ғана болып тұрған жоқ.

Проблема едәуір күрделі және оны шешу үшін тек машина жасау кешенінің кәсіпорындары мен инфрақұрылымын түпкілікті қайта жаңғыртуды, дүние жүзінің жетекші фирмаларымен ең жетілдірілген және қазіргі заманғы технологиялар трансфертімен бірлескен кәсіпорындар мен өндірістерді құру жолына көшіруді жүзеге асыру да жеткіліксіз. Ол үшін металл мен металдан жасалған бұйымдардың жоғары сапалы және әртүрлі, бүгінгі заманғы полимерлі, тоқыма, резина техникалық, оптикалық және басқа да материалдармен және бұйымдармен, энергия тасымалдаушылармен және т.б. бәсекелесуге қабілетті өнім шығару үшін қажетті жаңғыртылатын машина жасау өндірісінің мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мақсатында өнеркәсіптің сабақтас салаларында қайта құруды бір мезгілде жүргізу керек.

Бұл, өз кезегінде, өнеркәсіптің машина жасау және аралас салаларын жоғары білікті мамандармен және жұмысшылармен, ғылыми-техникалық және жобалау-конструкторлық әзірленімдердің сапасына қойылатын талаптардың мүлде жаңа жоғары деңгейін, сондай-ақ олардың құқықтық қорғалуын шұғыл қамтамасыз етуді, өнімнің жаңа түрлерін және т.б. шығару кезінде бөтен әзірленімдерді пайдалануға арналған лицензиялар сатып алуды талап етеді.

Машина жасау сияқты барлық өнеркәсіп өндірісін көтеру үшін де республика айрылған ғылыми-техникалық және кадрлық әлеуетін қалпына келтіріп қана қоймай, елеулі көбейту міндетін шұғыл шешу қажет.

Жалпы, Қазақстанның машина жасау кешенінің қазіргі жағдайына баға берудің нәтижесі мынаған саяды:

1. Қазіргі уақытта машина жасау кешенінің үлесіне өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорлардың кемінде 5%, өндірістік мақсаттағы негізгі капиталға кететін инвестициялар көлемінен барлығы 0,6% және жыл сайын енгізілетін ӨӨНҚ құнынан 0,86%, өнеркәсіптік-өндірістік қызметшілері жалпы санының 11% жуығы, өндірілетін өнімнің жалпы көлемінің 4%-нан кемі келеді.

2. Машина жасау кешенінің барлық түрлері бойынша дерлік негізгі қорлардың тозу дәрежесі 44-45%, оның ішінде активті бөлігінікі 80-90%-ға жетті. Көптеген кәсіпорындарда негізгі қорларды жаңарту коэффициенті 1-3%, ал олардың шығып қалу

коэффициенті 9,6%-ға дейін құрайды. Осының салдарынан ӨӨНҚ құны соңғы бірнеше жылда жыл сайын 7-8% қысқаруда.

Мұнымен бірге, кәсіпорындардың көпшілігінің қолда бар өндірістік қуаттарды пайдалануы шығарылатын өнімге деген сұранымға төлем жасау қабылетінің төмен болуына байланысты өндірістің көптеген түрлері бойынша 10-15%-нан аспай отыр.

3. Соңғы 8-9 жылда машина жасау кәсіпорындарының саны 2 еседен астамға қысқарды. Машина жасау кәсіпорындарының жалпы санында машина жасау өнімінің түпкілікті түрлерін шығаратын зауыттар тек қана 5,4 % құрайды. Бұл ретте олардың әрқайсысы дерлік - өз өндірісінің саласында монополист.

4. Республикада машина жасау өнімінің үлесіне экспорттың жалпы көлемінің 3%-ға жуығы және импорттың 41%-дан астамы келеді.

5. Машина жасау 1997 жылдан бастап залалды болып табылады. Залалдылық деңгейі 1997 жылғы 0,8%-дан 1999 жылдың 1-тоқсанында 12 %-ға дейін жетті.

6. Машина жасау өнімінің республикалық ішкі рыногында қазақстандық өндіріс бұйымдарының үлесі 15% құрайды, елдің қажеттерінің қалған 85% шетелдік (негізінен ресейлік) жеткізілімдер есебінен жабылады.

7. Қазақстандық өндірістің машина жасау өнімінің ұқсас шетелдік бұйымдармен салыстырғандағы бәсекелік қабілетсіздігінің негізгі себептері - өз кезегінде республика кәсіпорындарының көпшілігіндегі қолданылып жүрген ескі өндіріс технологияларының жетілдірілмеуі, импортталатын жинақтаушы материалдарды, энергия көздерін және т.б. шектен тыс пайдаланудың жоғары үлесінен туындаған оның неғұрлым жоғары құны және төмен сапасы. Бұдан басқа, отандық зауыт бұйымдарының басым бөлігі моральдық ескірген және техникалық әрі пайдалану көрсеткіштері бойынша шетелдік ұқсас бұйымдардан әлдеқайда артта қалып отыр.

8. Қазіргі уақытта Қазақстанның машина жасауында іс жүзінде дамудың, шығаратын өнімінің техникалық деңгейі мен бәсекелік қабілетін көтерудің өзіндік ішкі көздері жоқ толыққанды өндірістік инфрақұрылымы мен қазіргі заманғы ғылыми-техникалық базасы жоқ. Кадрлық әлеует ысырабы жалғасуда.

## 2. Қазақстанның машина жасауын дамытудың жалпы тұжырымдамасы

Машина жасау саласының даму деңгейі, елдің және халықаралық қоғамдастық экономикасындағы оның рөлі мемлекеттің индустриалдық қуаты мен ғылыми-техникалық жетістіктерінің, оның дүниежүзілік шаруашылық кешеніндегі орнының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Өңдеуші және қайта өңдеуші салалардың мұқтаждықтарына нұқсан келтірумен кен өндіруші өнеркәсіпке бағдарланған өнеркәсіптік саясатты одан әрі жалғастыра беру экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, келешегі жоқ және елдің болашағы үшін ең ауыр зардаптарымен қауіпті.

Таяудағы 5-7 жыл ішінде мыналарды:

- сапа деңгейі мен құндық параметрлері бойынша ең жақсы шетелдік үлгілерден кем түспейтін машина жасау мен өзге де ғылымды қажетсінетін өнімнің түпкілікті түрлерінің номенклатурасы мен шығару көлемін едәуір ұлғайту;

- қазақстандық кәсіпорындарға машина жасау өнімінің жоғалтып алған ішкі рыногын импортты тарифтік және тарифтік емес реттеу есебінен ғана емес, тауар және қызмет көрсетудің салауатты рыноктық бәсекесі, отандық өндірісті қолданылып жүрген заңнама шеңберінде теріс пиғылды бәсекеден қорғау нәтижесінде қайтару;

- білікті жұмысшы кадрларды сақтай және ұдайы арттыра отырып, қалпына келтірілетін немесе жаңадан құрылатын жұмыс орындарын көбейту;

- республикада, атап айтқанда, ғылыми-техникалық сараптау, аккредитациялау, сертификаттау, стандарттау, ақпарат және т.б. орталықтар желісі сияқты объектілер кіретін машина жасау өндірісінің дамыған инфрақұрылымын құру;

- отандық машина жасаудың интеллектуалдық әлеуетін жоспарлы түрде арттыру оның сапа бойынша дүниежүзілік стандарттар талаптарына сай жаңа технологиялар мен ғылымды көп қажетсінетін өнім шығаруға көшуіне қажетті қазіргі заманғы ғылыми-техникалық, конструкторлық-технологиялық және ақпараттық база қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қазірдің өзінде, елдің экономикалық бағытын кен өндіруші салаларды басым дамыту саясатынан өңдеуші және қайта өңдеуші өнеркәсіптің өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетін, бірінші кезекте, машина жасауды интенсивті арттыру жолына түсуге шешуші бетбұрыс жасауды бастау қажет. Жоғарыда аталған міндеттердің бүкіл кешенін табысты шешу елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің одан әрі артуының, оның индустриалды дамыған елдер қатарына тең құқықты әріптес ретінде біртіндеп кірудің негізін қалауға мүмкіндік береді.

Мұнымен бірге, жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайды, инвестициялық ахуалды, түрлі қаржыландыру көздерінің есебінен қаражатты тарту мүмкіндіктерін ескере отырып, республиканың машина жасау кешенін қолдау мен көтеру болашағына нақты баға беруге тура келеді.

Машина жасау кешенінің ұзақ мерзімді стратегиясын іске асырудың бірінші сатысында жеткілікті мөлшерде шағын және нақты басымдықтар бөлініп алынуы тиіс. Бір жағынан, өте қысқа мерзім ішінде саланы сақтап қалуды және аяғынан тік тұрғызуды қамтамасыз ететін сала мен өндірістің нүктелерін және бағыттарын анықтау қажет, екінші жағынан, оның қайта өркендеуі мен жедел дамуы үшін бүкіл өнеркәсіптік өндірістің шешуші түйіні ретінде республиканың бүкіл экономикасын техникалық қайта жарақтаудың және жаңғыртудың негіздерін құрайтын база жасау қажет.

## 3. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары

Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі мақсаты ішкі өндірісті кеңейту және өндірістік-техникалық мақсаттағы бәсекелесуге қабілетті өнім шығару, елдің экономикасын қажетті машиналармен, жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен, кепілдендірілген және кепілден кейінгі сервистік қызметпен қамтамасыз ету, импортты алмастыру және экспорт үшін мүмкіндіктерді ұлғайту.

Қойылған мақсаттарға сәйкес Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге бағытталған :

- машина жасау өнімін өндіруді дамытудың әлеуетті мүмкіндіктерін, ішкі және сыртқы рыноктардағы оған деген ықтимал сұранымды айқындау;
- қордаланған өндірістік әлеуетті, ғылыми-техникалық және білікті жұмысшы кадрлар мен өнім сату рыноктарын ескере отырып, неғұрлым келешегі бар өндірістер мен оларды орналастыру мүмкіндіктерін айқындау, жоғары технологиялы, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелесуге қабілетті өнім шығаруды қамтамасыз ететін неғұрлым тиімді кәсіпорындарды іріктеп инвестициялық қолдау көрсету;
- нақты тұтынушыларға бағдарланған машина жасау өнімін өндіруді дамыту халықаралық кооперацияны кеңейту үшін жағдай жасау; әлемнің жетекші фирмаларымен бірлескен кәсіпорындарды және өндірістерді құруға, өндірістерді техникалық жаңартуға және дамытуға инвестициялар мен қаржыландыру тартуға көмектесу;
- озық технологияларды, жаңа ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуды көтермелеу, өндірілетін өнім номенклатурасын жаңарту және кеңейту, сапаны арттыру, өндіріс шығындары мен бағаны төмендету, сатуға алдын ала дайындаудың, сатудың және сатудан кейінгі қызмет көрсетудің қазіргі заманғы әдістерін игеру есебінен оның бәсекелестік қабілетінің артуын қамтамасыз ету;
- ішкі және сыртқы рыноктардағы отандық өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық базаны, салықтық және кедендік режимді жетілдіру;
- отандық экономиканың машина жасау және металл өңдеу өнімінің импортына дағдарысты тәуелділігін еңсеру, ішкі рынокты отандық өндірістік жоғары сапалы тауарларымен қанықтыру;
- тауарлардың жекелеген түрлері бойынша ішкі тауар рыногының ашықтық дәрежесін реттеу, отандық тауар өндірушілерді теріс пиғылды импорттан қорғау, отандық тауарларды дүниежүзілік тауар рыноктарына жылжыту, елдің сауда теңгерімін жақсарту;
- кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайын сауықтыру, салаларға инвестициялар тарту және кәсіпорындарды екінші деңгейдегі банктердің несиелендіруі үшін жағдайлар жасау;
- кәсіпкерлерге өндірісті ұйымдастыру мен дамыту нормативтік-техникалық

құжаттаманы ресімдеу жөнінде техникалық, технологиялық және әдістемелік көмек көрсету.

Бағдарламаны іске асыру мен басымдықтарды және нақты жобаларды таңдаудың негізгі принциптері:

- ішкі және сыртқы рынокта өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету;
- өнім өндірудің экономикалық тиімділігі;
- компьютерлік технологияларды пайдалануға бағдарланған ғылыми-негіздемелі әдістерде машина жасау кешенін қайта құру жөнінде шешімдер қабылдаудың негізін жасау;
- Бағдарламаны қолда бар қаржы ресурстарына қарай іске асырудың кезеңділігі болып табылады.

Қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану жобаларды іске асыруда басымдықтарды баса көрсету қажеттілігін алдын ала айқындайды.

Жаңа өндірістерді құру бірінші кезеңде едәуір инвестицияларды қажет ететіндігі ескеріле отырып, осы Бағдарлама шеңберінде машина жасауды қалпына келтіру кешеннің қазіргі өндірістік кәсіпорындарының базасында қамтамасыз етілетін болады.

Жүргізілген талдауға және республиканың өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік кешендерін дамыту бағыттары бойынша бұрын әзірленген құжаттарды ескере отырып, осы Бағдарламаның басымдықтары мен басым кіші бағдарламалары ретінде мыналар қарастырылады:

- трактор және ауылшаруашылығы машинасын жасау, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын салалар үшін жабдық және қосалқы бөлшектер өндірісі;
- көлік машинасын жасау, оның ішінде цистерналарды, вагондарды, жол жұмыстарын жүргізуге арналған техниканы, контейнерлерді, жол үстін салу бөлшектерін, темір жол көлігіне арналған жабдық пен қосалқы бөлшектер өндірісі;
- мұнай-газ өндіру және мұнай-газ өңдеу өнеркәсібіне арналған машина жасау;
- тау-кен металлургиялық кешеніне арналған жабдық өндірісі.

Машина жасаудың басқа салаларында (автомобиль жасау, приборлар жасау, медициналық және т.б. машина жасау) басымдықтарға ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелестік қабілетті, өткізуге жоғары кепілдігі бар жоғары технологиялы, техникалық жағынан қазіргі заманға сай өнім өндіруді қалпына келтіру және ұйымдастыру жөніндегі жекелеген жобалар жатқызылуы мүмкін.

Қолда бар өндірістік базада ("Қазақстантрактор" ААҚ, Павлодар қаласы, " Астана-Технопарк" ААҚ, "Қызылордакүрішмаш" ААҚ, "Оралагромаш" ААҚ, " Поршень" Алматы зауыты" ААҚ және т.б.), сондай-ақ қорғаныстық өнеркәсіп кәсіпорындарын таяу болашақта конверсиялау процесі кезінде трактор және ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды қалыптастыру мен дамытудағы басым бағыттар:

- астық өндірісі мен қайта өңдеуге арналған машина мен жабдық жасауды әзірлеу мен шығаруды игеру;

- трактор өндірісін реформалау және дамыту, жаңа Т-95.4 шынжыр табанды трактор өндірісін ұйымдастыру;

- доңғалақты тракторлар бірлескен өндірісін ұйымдастыру;

- бірлескен астық жинау комбайндар өндірісін ұйымдастыру;

- жемшөп жинау комбайндары өндірісін реформалау және дамыту;

- жерді өңдеу және ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға арналған техника шлейфін әзірлеуді және шығаруды ұйымдастыру;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын салалар үшін жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісі болып табылады.

Көлік машинасын жасау, оның ішінде локомотивтер, темір жол цистерналарын, вагондарды, жол жұмыстарын жүргізуге арналған техника, контейнерлерді, жол үсті құрылысының бөлшектерін, темір жол көлігіне арналған жабдық пен қосалқы бөлшектер өндірісі өндірістік қуаттары мен мамандандырылған және конверсияланған зауыттардың кадрлар әлеуетін пайдалануға негізделеді.

Қолда бар есептер "Петропавл ауыр машина жасау" зауыты АҚ-ның базасында Солтүстік Қазақстанның, Оралдың, Алматының, сондай-ақ Алматы, Астана, Жамбылдағы мамандандырылған зауыттардың конверсиялық кәсіпорындарымен тығыз өзара іс-қимылда вагон жасауды ұйымдастырудың орындылығын көрсетіп отыр. Технологиялық әлеуетті пайдалану мақсатында шетелдік әріптестер ретінде Тверь зауытын (жолаушылар вагондары бойынша), Нижний Тагиль вагон зауытын (жүк вагондары бойынша), "Уралвагонзауыты" АҚ (темір жол цистерналары), сондай-ақ батыс компанияларын тарту қажет.

"Қазақстан темір жолы" РМК-ның қолда бар өндірістік қуаттары мен Қазақстанның машина жасау кәсіпорындарында еуропалық, американдық, ресейлік фирмаларды қатыстыра және отандық өндіріс материалдары мен өнімді кеңінен пайдалана отырып, локомотивтерді жинастыруды, жол жұмыстары, контейнерлер өндірісі үшін техника шығаруды ұйымдастыру орынды.

Таяу болашақта қазақстандық кәсіпорындардың Энергетика, индустрия және сауда, Көлік және коммуникациялар министрліктері 2000 жылдың 12 қаңтарында бекіткен " Отандық тауар өндірушілерден 2000-2003 жылдарға жабдық, тетіктер, қосалқы бөлшектер, аспаптар, материалдар алуға "Қазақстан темір жолы" РМК-ның тапсырыстарын орналастыру бағдарламасы" шеңберінде, соның ішінде дебиторлық берешектер есебінен де, жылжымалы құрам мен жол құрылысын жөндеуге және пайдалануға арналған жабдықтар мен қосалқы бөлшектер шығару жөнінде "Қазақстан темір жолы" РМК-мен ынтымақтастықты дамыту тиімді.

**Мұнайгаз өндіру және мұнай-газ өңдеу кәсіпорындарына арналған машина жасау**

Мұнай мен газ Қазақстан экономикасының жетекші секторы болып табылады және бұл басымдық ұзақ жылдарға сақталады. Ірі мұнай жобаларының іске асырылуы, қазірдің өзінде Қазақстанды мұнайгаз жабдықтарының болашағы бар жаңа рыногы етіп о т ы р .

Мұнай-газ саласын дамыту төрт шешуші жобаларға: Теңіз, Қарашығанақ, Каспий труба құбыры мен Каспий айдынының Қазақстандық секторындағы шельфіне негізделіп отыр. Бұл ретте, әдеттегідей, жабдыққа жұмсалатын шығындар жоба құнының шамамен жартысын құрайды.

Тек қана Қарашығанақ пен Теңіз бойынша 2000-2003 жылдары жабдықтар сатып алуға инвесторлар 2,6 млрд. доллардан астам, соның ішінде Қарашығанақтан Ақтауға дейін мұнай құбырын салуға 400 млн. АҚШ долларын жұмсайды.

Шығыс Қашағанда әлемдегі аса ірі кен орнының ашылуы мұнай-газ машина жасауды жедел дамытуға жаңа серпін беріп отыр. Бірнеше өңдеуші зауыттар құрылысын қамтитын Атырау аймағындағы салалық инфрақұрылымды дамыту жобасының тек бірінші кезегінің құны 240 млн. АҚШ доллары тұрады.

"Қазақойл-Ембі" ААҚ-да 2002 жылға қарай Орталық Шығыс Прорва кен орнында мұнай өндіру көлемі жылына 140 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру үшін жоспарланып белгіленген 16 млн. АҚШ долларын игеру үшін 75% жабдықтар мен бұрғылау станоктарын сатып алуға жұмсалады.

Бұл ретте жергілікті климаттық және геологиялық жағдайлар мен қызметшілердің біліктілігіне сай келетін Қазақстанның жабдықтары мен жинақтаушы бұйымдарын мүмкіндігінше көптеп сатып алуға бағдарлау неғұрлым тиімді жол болмақ.

Қазіргі уақытта мұнай-газ өндіруші және қайта өңдеуші кәсіпорындардың техника мен жабдыққа қажеті 500-700 млн. АҚШ долларын құрайды. Бұл орайда мұнай және газбен жабдықтаудың ішкі рыноктың тауарлық ресурстары үлесі 90%-дан артық құраған импорт есебінен қалыптасқан еді.

Қазақстан рыногында жұмыс істейтін мұнай-газ компаниялары импорттайтын техника мен жабдық номенклатурасының талдауы отандық машина жасау кәсіпорындарының қолда бар пайдаланылмайтын әлеуетін көрсетіп отыр.

Осыған байланысты қазіргі қолда бар машина жасау және конверсиялық кәсіпорындар - "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ, "ЗИКСТО" АҚ, " Мұнаймаш" АҚ (Петропавл қ.), "Орал арматура зауыты" АҚ, "Зенит" АҚ (Орал қ.), " Шығысмашзауыт" АҚ, "Мұнайгазмаш" АҚ (Өскемен қ.), "Алматы ауыр машина жасау зауыты" АҚ, "Белкамит" БК АҚ, "Машина жасау зауыты" ААҚ, "Имсталько" ААҚ ( Алматы қ.), "АтырауМұнайМаш" ЖШС, "Семей арматура зауыты" ААҚ, " Қазақстанкабель" ЖШС (Семей қ.), "Қазақстанэнергокабель" ААҚ (Павлодар қ.) және басқаларының базасында:

- скважиналардың қаңқасы үшін жабдықтарды, соның ішінде фонтандық және бекітпелік арматураларды, тіректік ұштықтарды, қайтпалы жапқыштарды, атқылауға

қарсы және басқа жа жабдықтарды;

- бұрғы шапқыларын, суда бұрғылау қондырғыларын, инклинметрлік модульдерді;

- жетілдірілген тербелгіш станоктарды;

- скважиналық штангалық, малынғыш және насостардың басқа да түрлері мен насостық агрегаттарды, насостық штангаларды;

- ректификациялық бағандарды, трубалық тармақтар мен жылу алмастырғыштарды, криогендік танктерді;

- механикаландырылған труба тасығыштар мен штангатасығыштарды, цементтегіш агрегаттарды, станоктарды диагностикалауға арналған зертханаларды;

- қажетті жабдықтары мен құралдары бар жинақталған мұнай скважиналарын жөндеуге арналған қондырғыларды;

- мұнай мен газды тасымалдауға дайындауға арналған жабдықтарды, орағыш материалдарды, сондай-ақ көмірсутекті шикізатты қайта өңдеуге арналған шағын көлемді модульді кешендерді;

- қажетті ассортименттегі кабельдік-сымдық өнімдерді;

- ауызсуды тазалау жүйесін;

- өрттерді анықтау және өрт сөндіргіш жүйелер мен жабдықтарын;

- есепке алу және бақылау аспаптарының өндірісі басым ретпен игерілетін және дамытылатын болады.

Қазақстандық зауыттардың мұнайгаз кешенінің кәсіпорындарымен ынтымақтастығы "Қазақойл" ҰМК ЖҰАҚ 2000 жылғы 28 қаңтарда бекіткен " Қазақстанның зауыттарындағы мұнайгаз машина жасауды 2005 жылға дейін дамыту жөніндегі бағдарламасы" шеңберінде, сондай-ақ "Теңізшевройл" ЖШС-мен. " Қарашығанақ интеграцияланған компаниясы" ЖҮАҚ-мен, "Тексако Норс Бузачи, Инк" компаниясымен, "Харрикейн Құмкөл мұнай" АҚ-мен, "Қаражанбасмұнай" ААҚ-мен, " Арман" БК-мен, "Анако" ЖАҚ-мен және басқаларымен импортты алмастыру бағдарламасы шеңберінде жүргізілетін болады.

**Тау-кен-металлургиялық кешені жабдықтарын өндіру**

Республиканың тау-кен кәсіпорындарын шетелдік фирмалардың басқаруына бергеннен кейін соңғыларының басшылығында республикада, оның ішінде " Востокмашзауыт" АҚ (Өскемен қаласы) және кейбір басқа кәсіпорындарда шығарылып келген ұқсас техниканы тек импорттау үрдісі басым жүруде.

Импортты алмастыру бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жұмысты талдау сапа мен баға жағынан бәсекелестік қабілетті өнімді шығаруға кәсіпорындардың әлеуетті мүмкіндіктері және тау-кен металлургиялық кешен үшін техника мен жабдық өндірісін қалпына келтірудің жеткілікті жоғары тиімділігі бар екендігін көрсетті. Осы бағыттағы жұмыс импорт алмастыру бағдарламасының шеңберінде басымдылықпен жүргізілетін болады.

Жалпы, жобаларды қарау кезінде өзге де тең жағдайларда франчайзинг шартымен

жоғары технологиялар тартуды, патенттер мен лицензиялар алуды көздейтін ұсыныстарға, сондай-ақ өнім экспортына бағдары барларына артықшылықтар берілетін болады.

## 4. Бағдарламаны іске асыру шаралары мен тетіктері

Бағдарламаны іске асырудың негізгі шаралары мен тетіктері:

- машина жасау кешенінің кәсіпорындары үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау;
- қолданылып жүрген заңнама негізінде ішкі рынокты теріс пиғылды бәсекеден ( демпинг, субсидияланған бағалар) қорғау кәсіпкерлерге техникалық көмек көрсету шаралары;
- өнімнің бәсекелестік қабілетін көтеру жөніндегі үкіметтің экономикалық саясатында көзделген шаралар;
- осы Бағдарламамен белгіленген басымдықтар шеңберінде неғұрлым тиімді жобаларды біршама қолдау мен жеңілділікпен несиелеу арқылы бастапқы инвестициялық қолдау болып табылады.

Қолайлы экономикалық орта жасау:

- төлем жасамау дағдарысын қарыз міндеттемелерінің, бағалы қағаздардың рыногын мемлекеттік реттеу арқылы шешуді;
- қаржылық жағынан дәрменсіз машина жасау кәсіпорындарына қатысты банкроттық немесе оңалту рәсімдерін жүргізуді;
- кәсіпорындар қарыздарын қайта құрылымдауды жүргізуді;
- осы экономикалық шарттарды машина жасау кәсіпорындарының барлығына, соның ішінде "Қазақстан Темір жолы" РМК-ның машина жасаушы кәсіпорындарына да, қолдануды;
- табиғи монополистерге оларға тиесілі машина жасау кешенінің қарыздарын 2003 жылға дейін тоқтатып қою жөніндегі келісімдерді жасауын ұсынуды көздейді.

Мемлекеттік өнеркәсіптік саясат қазақстандық ауыл шаруашылығы машинасын жасау өнімін басты тұтынушылар болатын, ауыл шаруашылығы техникасы мен оларға керек қосалқы бөлшектерге төлем төлеуге қабілетті сұраныстың тұрақтануына ықпал ететін машина-технологиялық станциялар (МТС) жүйесін дамытуды ынталандыруды көздейді.

Шаралардың осы тобына:

- мемлекеттік сатып алу жөніндегі тендерлер жүргізуге бақылауды күшейтумен, тапсырыс берушілерді отандық тауарларды басымдылықпен сатып алу бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғандығы үшін жауапкершілікке тартумен;

- машина жасау өнімін тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы ұзақ мерзімді

ынтымақтастық шеңбері туралы келісім жасау практикасын кеңейтумен;

- республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тапсырыс берушілер және ұлттық компаниялар үшін отандық тауар өндірушілерден сатып алынатын тауар үлесін бөле отырып сатып алу көлемі туралы міндетті есеп беруді енгізумен және импорттың әрбір жағдайы бойынша негіздемелерді ұсынумен қамтамасыз етілетін мемлекеттің қорғаныстық және жұмылдыру қажеттіктері, сондай-ақ ұлттық компаниялардың мұқтаждықтары үшін отандық өнімді басымдықпен сатып алу кіреді.

Ішкі тауар рыногының ашықтық дәрежесін реттеу:

- машина жасауға пайдаланылатын және республикада шығарылмайтын шикізаты, негізгі материалдарды, жинақтаушы бұйымдар мен жабдықтарды беріп отыру жөніндегі өндірістік кооперация туралы үкіметаралық келісімдер жасауды;

- отандық тауар өндірушілерді демпингтік және субсидияланған импорттан, сондай-ақ оларға зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупі бар көлемдегі импортқа анықтау жүргізу және қорғау шараларын енгізуді;

- отандық және шетелдік машина жасау өнімін сертификаттаудың бірыңғай жүйесін енгізуді;

- сырттан басқаруға және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылып жүргендеріне түзету енгізу және жаңадан жасау кезінде Қазақстанның машина жасау зауыттарында жекелеген жабдық түрлерін, аспаптар мен жарақтар әзірлеуге тапсырыстарды орналастыру жөнінде шарттар енгізуді көздейді.

Кәсіпкерлерге жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қалпына келтіру және жаңаларын ұйымдастыру жөнінде техникалық көмек көрсету шаралары:

- елде бар қазіргі заманғы жабдық түрлерін, технологиялар мен неғұрлым білікті қызметшілерді шоғырландыру есебінен дүниежүзілік рынокта белгілі бір орын алуға мүмкіндік беретін жоғары технологиялы өнім шығару мақсатында бір заңды тұлғаға шоғырланған, өзі ғылымды қажетсінетін өндірістер мен технологияларды білдіретін " индустриалды парктер" үлгісі бойынша бәсекелестік қабілетті өндірістер құруды көтермелеуді;

- аймақтарда заңды және жеке тұлғаларға машина жасау өнімін шығару жөнінде өндіріс құруда, оның ішінде технологиялық жабдықтарды жалға немесе лизингке беру жолымен қызмет көрсету жөніндегі филиалдары бар орталықтар (технопарктер, технополистер, бизнес инкубаторлар) құруды;

- жалға немесе лизингке беру үшін технологиялық жабдықтар паркін құруды;

- "Қазақстан темір жолы" РМК-ың бөлімшелеріне технологиялық жарақтарды жасауға, жылжымалы құрамның күрделі жөндеуін жүргізуді және қосалқы бөлшектер жасауды игеруге көмектесу;

- өнеркәсіп салаларының және ауыл шаруашылығының машина жасау бұйымдарына сұранымдарының маркетингін жүзеге асыруды және машина жасау кәсіпорындарына олардың өнімдерінің ықтимал тұтынушылары мен ішкі рынокта

сұранымға ие бұйымдардың номенклатурасын анықтауда ақпараттық қызмет көрсетуді;

- кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне екінші деңгейлі банктердің қызығушылығын арттыруды, банктік заңнаманы жетілдіруді;
- отандық машина жасау өнімдерін жарнамалауға көмектесуді қамтиды.

**Кәсіпорындар мен жобаларды инвестициялық қолдау:**

- тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы қолданылып жүрген заңнамада көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ұсынуды;
- машина жасау өнімдерін өндірушілердің және оны тұтынушылардың, бірінші кезекте ұлттық компаниялардың, кепілдендірілген сатып алулар мен есеп айрысулар бойынша салааралық келісімдерді жасауына бастамашы болуын және жәрдемдесуін;
- жеңілдікті несиелендіру арқылы неғұрлым тиімді жобаларды инвестициялық қолдауды көздейді.

Алғашқы екі бағыт қазіргі уақытта түрлі салаларда, соның ішінде машина жасауда, жеткілікті таралып отыр.

Неғұрлым тиімді жобаларды жеңілдікті несиелендіру арқылы импорт алмастыруды инвестициялық қолдау осы бағдарламада айқындалған басым бағыттар бойынша импорт алмастыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде неғұрлым тиімді және өміршең жобаларды іріктеу жүйесін әзірлеуді және оларды несиелендіруді қамтиды.

Импорт алмасу бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобаларды несиелендірудің негізгі шарттары:

- жобаларды жобалар бойынша тәуекелді өзіне алатын және мемлекеттің қаражатын қайтаруға кепілдік беретін екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана несиелендіру;
- Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қажет болған жағдайда тұтынушы мемлекеттік компаниялармен келісілген салалық оң қорытындысының болуы;
- жобаның қазіргі заман талаптарына сай екендігін және соған сәйкес ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелік өнім шығаруын растайтын ведомстводан тыс техникалық және технологиялық сараптаманың болуы болып табылады.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде Қазақстан Республикасының меншігіне жататын және кәсіпорындар қаражатының кемінде 51 пайызы қазақстандық заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын инвестициялық жобалар несиелендіріледі.

Екінші деңгейдегі банктер осы бағдарламаның шеңберінде, оның басымдылықтарына сәйкес келетін инвестициялық жобаларды өз бетімен несиелендіруге ұсына алады. Бұл ретте олар Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне қызмет көрсетуші банктің Қарыз алушының қаржы жағдайы және ссудалық қарызы жоқтығы туралы мәліметтерін, екінші деңгейдегі уәкілетті банктің

Несие комитетінің жобаны несиелендіру туралы оң шешімін, екінші деңгейдегі уәкілетті банктің несиелендіруге басқармасының сараптау қорытындысын ұсынуы тиіс.

Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өзінің қорытындысында:

- жобаның Бағдарламаның басымдылықтарына, оның импорт алмастыру немесе экспортқа бағдарланған бағытына сәйкестігін;
- рыноктың сыйымдылығы және өндіріске ұсынылып отырған өнімге ішкі және сыртқы рыноктарда сұраныстың сенімді негіздемелерінің болуын;
- өндіріс көлемінің өсуін, сондай-ақ жаңа құрылған немесе қалпына келтірілген жұмыс орындары санын;
- жобаның Қазақстан немесе оның аймақтары үшін әлеуметтік маңызын;
- жобаның бюджеттік тиімділігін растайды.

Жобаның қазіргі заман талаптарына сай екендігін дәлелдейтін ведомстводан тыс техникалық және технологиялық сараптама мен ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелес өнім шығаруды "Машинажасау" МҰТО-РМКК саланың жетекші мамандарын тәуелсіз сарапшы ретінде тартып жүзеге асырады.

Жоғарыдағы барлық талаптарға жауап беретін инвестициялық жобалар бойынша Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен Экономика министрлігімен келісім бойынша отандық тауар өндірушілерді қолдауға және импортты алмастыру өндірісін дамытуға бөлінген қаражаттың есебінен несиелендіру үшін бекітуге жобалардың тізбесін әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілетін инвестициялық жобалар бойынша "Эксимбанк Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктермен несиелік келісімдер жасайды, жобалардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асырады және тоқсан сайын тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынып отырады .

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарлама 2000-2003 жылдарға есептелген. Республикадағы қазіргі экономикалық жағдайды және машина жасау кәсіпорындарының бастапқы ахуалын ескере отырып, осы жылдары дамыған ішкі және салааралық байланыстары бар меншікті машина жасау кешені қалыптасады деп есептеуге болмайды.

Осы бағдарламаны әзірлеу тәжірибесі саланың бірқатар кәсіпорындары бағасы мен сапасы бойынша өз өнімдерінің бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз етуге әзір емес, өздерінің өткізу рыноктарын сақтап қалу үшін олар бұрынғыдай тек тыйым салулар мен импортқа шектеулер қоюға ғана сенеді.

Сөйтіп, бұл кезеңде өз өнімдерінің бәсекелестік қабілетін және оның ішкі және сыртқы рыноктарда сенімді әрі тұрақты сатылуын шын мәнінде қамтамасыз ете алатын жекелеген кәсіпорындар мен өндірістерге бағытталған нүктелік қолдау жасауды неғұрлым шындыққа жанасымды деп есептеуге болады.

2000 жылы "Қазақстантрактор" ААҚ-да жаңа Т-95.4 шынжыр табанды және "Минск трактор зауыты" ААҚ-мы мен "Қазақстантрактор" ААҚ-мы бірлескен кәсіпорында доңғалақты тракторлар шығаруды ұйымдастыру үшін қолдау шараларын жүзеге асыру есебінен республика үшін екі жаңа өндіріс құрылатын болады.

2000-2001 жылдары республиканың басқа машина жасау кәсіпорындарында осы тракторлар үшін жинақтаушы бөлшектер шығаруға тарту жөнінде жұмыстар жүргізілмек. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы техникасының басқа түрлерін де игеру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

1999-2000 жылдары жасалған келісімдердің негізінде темір жол көлігі, энергетикалық және тау-кен металлургиялық кешендер, мұнай-газ өнеркәсіптері үшін машиналар, жабдықтар мен қосалқы бөлшектер шығару жаңғыртылады және жаңа өндірістер құрылатын болады.

2000-2001 жылдары басқа да импорт алмастыру өндірістері жөнінде ұсыныстар әзірленуі тиіс. Олар Бағдарламаның алдыңғы бөлігінде айтылған тәртіпке сәйкес салалық, техникалық және банктік сараптаудан өтуі тиіс.

2002-2003 жылдары осы Бағдарламада әзірленген және қабылданған жобаның негізгі бөлігін іске асыру басталады.

Осы Бағдарламамен белгіленген іс-қимылдарды үйлестіруде машина жасау кәсіпорындары үшін Машина жасау кәсіпорындарының қауымдастығы, ауыл шаруашылығы машина жасау кәсіпорындары үшін - "Орталықагромаш" қауымдастығы , электрондық және электротехникалық салалар үшін "Индустриалдық парк" ААҚ-мы құрылды.

## 6. Бағдарламаның тиімділігі

2000-2003 жылдарға арналған машина жасау кешенін дамыту бағдарламасын іске асырудан күтілетін негізгі нәтижелер мыналар болып табылады:

- өнеркәсіптік өндірістің құлдырауын еңсеру, тұрақтандыру әлеуетін жинақтау және көтеру, сыртқы және ішкі кооперацияларды оңтайландыру және ТМД елдерімен, басқа да мемлекеттермен экономикалық байланыстарды жолға қою, дүниежүзілік экономикаға кірігу;
- машина жасау кешені басқару құрылымын жетілдіру, жекешелендіру, демонополизациялау, өндіріс саласындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту;
- рынокқа және сатып алушының сұранымына қатысты жағдайын айқындап машина жасау кешені кәсіпорындарын қайта құрылымдау;

- озық технологиялар, шығарылатын өнімнің сапасын және бәсекелестік қабілетін көтеру негізінде машина жасау кешенін технологиялық қайта құру;

- экспорттың құрылымын сапалық өзгерту, тауар импортының көлемін жоғары технологияларды енгізу есебінен көлемін қысқарту, ішкі рынокты қорғау және машина жасауға инвестицияны арттыру;

- дамушы машина жасау кәсіпорындарында жаңа жұмыс орнын құру жолымен әлеуметтік жағдайды жақсарту;

- дүниежүзілік рынок конъюнктурасынан, демпингтік бағалар мен қазіргі барларынан әлдеқайда жоғары бағалар бойынша машина жасау өнімдерінің импортынан Қазақстан Республикасының экономикалық тәуелсіздігін нығайту;

- өндірістің бұдан әрі өсуінің ғылыми қамтамасыз етілуін инвестициялау.

**2003 жылға мынадай негізгі көрсеткіштер болжанып отыр.**

- өндіріс көлемі 1995 жылғы деңгейге дейінгі қалпына келеді және 40 млрд. теңгеден астамды құрайды;

- жұмыс істеушілер саны 2 есеге көбейеді және 1998 жылғы 101 мың адамға қарағанда 202 мың адамды құрайды;

- ай сайынғы орташа жалақы 1998 жылғы деңгейден (11201 теңге) 1,5 есеге көтеріледі және 16800 теңгені құрайды;

- өндірістің рентабелділігі 20 % құрайды, мұның өзі 2003 жылдан бастап "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңда көзделген салықтарды кешіктірмей төлеуге, машина жасау кәсіпорындарының бюджет бойынша бұрынғы қарыздарын кезең-кезеңімен өтеуге кірісуге мүмкіндік береді.

Машина жасау кешені республиканың және басқа елдер экономикасының ішкі саласы сияқты, сабақтас саларында да дамыған кооперациялық байланыстары неғұрлым еңбекті және ғылымды қажетсінетін саласы болып табылады. Машина жасау кәсіпорындарында жұмыс істейтін бір адамға сабақтас салалардың кәсіпорындарында 5 -6 жұмыс істеушіден келеді. Сондықтан, Бағдарламаны іске асырудың мультипликативтік әсері машина жасау саласында күтілген нәтижелерден 2-3 есе асады .

2000-2003 жылдары саланың ғылыми-техникалық және ақпараттық инфрақұрылымын белгілі дәрежеде қалпына келтіру көзделуде, бұл ғылыми-техникалық және зерттеушілік құрылымдар - "Машина жасау" МҰТО-ғы мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің МО ҒЗО-ың, "Астана-Технопарк" ААҚ-ын, ғылыми-зерттеушілік, жобалау ұйымдары мен тәжірибе-конструкторлық бюроларды, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің инженерлік институттарын, ЖОО-ң ғылыми бөлімшелерін, сондай-ақ шетелдік және отандық оқу және консалтингтік фирмаларын мынадай мақсаттарға:<*>

- машина жасау, құрылыс, металл өңдеу, жөндеу және сервистік қызмет көрсету

кәсіпорындарының өнімдеріне (техника, жабдықтар, қосалқы бөлшектер, халық тұтынатын тауарлар және т.б.); рыноктың қажеттерін айқындау;

- мәліметтердің компьютерлік дерек қорында болуы тиіс ақпаратты жинау, өңдеу және сату жөніндегі орталық құру;

- кейін мемлекетаралық жүйеге шығып рынокта қолда бар ақпаратты сату үшін республикалық компьютерлік жүйе құру;

- Қазақстан Республикасының машина жасау кешені үшін жетекші ғылыми-техникалық, инженерлік және басқару кадрларын даярлау және қайта даярлауда өнімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.27. N 623 қаулысымен .

## 6-1. Қаржыландырудың қажетті көлемі мен көздері.<*>

Бағдарламаны қаржыландыру технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге арналған республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны 2001-2003 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі 8 344 мың теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 3 000 мың теңге, 2002 жылға - 5 344 мың теңге, 2003 жылға - 0. Жыл сайынғы көлем тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша республикалық бюджетте көзделетін көлемге сәйкес нақтыланады.

Ескерту. 6-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

## 7. Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларының жоспары

Ескерту. 7-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

---

**7. Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орын. далу мерзі. мі | Болжа. нып отырған шығыс. тар | Қар. жылан. дыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Қолайлы экономикалық орта құру** | | | | | |
| 1. | Кәсіпорындар арасында төлемсіздік дағдарысын, соның ішінде борыштық міндеттемелер, бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру есебінен шешудің шаралары мен тетігін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЭИСМ, ҚарМ | 2000 жылғы қыркүйек | - | - |
| 2. | Республикалық бюджет қаражаты есебінен бөлінген кредиттер бойынша машина жасау кәсіпорындарының борыштарын оларды Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар шеңберінде оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияда алдын ала қарап, қайта құрылымдауды жүргізу | Кредиттерді қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімдері | ҚарМ, ӘдМ, ЭИСМ | 2000 жылдың ішінде | - | - |
| 3. | Машина жасауда қолданылатын жинақтауыштардың, тораптардың және көмекші материал- | Өндірістік кооперация туралы үкіметаралық | ИСМ, ҚарМ, ӘдМ | 2000-2003 жылдар | - | - |

дардың жеткізілімдері келісім бойынша өндірістік кооперация туралы үкіметаралық келісім жасасу

---

**2. Мемлекеттің қорғаныс және жұмылдыру қажеттіліктерін, сондай-ақ ұлттық компаниялардың мұқтаждарын қамтамасыз ету және отандық өнімді кемсіту фактілерін болдырмау**

---

1. Тендер өткізу жөніндегі комиссияға салалық министрліктердің тұрақты өкілдерін енгізу арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік сатып алу бойынша тендерлерді жүргізуді бақылау жүйесін жетілдіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | МСА | 2000 жылғы қыркүйек | - | -

---

**3. Машина жасау өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өндірістерді сертификаттау мен сапаны бақылауды дамыту**

---

1. Қазақстан Республикасында стандарттау және сертификаттау мәселелері бойынша "Сапа" бағдарламасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЭИСМ | 2000 жылғы желтоқсан | - | -

2. Машина жасау өндірісінің стандарттары мен өнімінің сапасын бақылауды халықаралық талаптарға сәйкес келтіруді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ИСМ | Тоқсан сайын | - | -

**4. Кәсіпкерлерге машина жасау өндірістерінің жұмыс істеп тұрғандарын қалпына келтіруге және жаңасын ұйымдастыруға техникалық көмек көрсету**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ішкі және сыртқы рыноктардың конъюнктурасын зерттеудің маркетингтік орталықтарын құру және кәсіпорындарға олардың тауарларын осы рыноктарға жылжытуда қызметтер көрсету тетігін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЭИСМ | 2000 жылғы қараша | - | - |
| 2. | Франчайзингтік қызметтер көрсету рыногын, оның аспектілері мен сыйымдылығын, сондай-ақ оларды қолдану тетіктерін зерделеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЭИСМ, ЭМ "Экономикалық зерттеулер институты" РМК | 2000 жылдың ішінде | - | - |
| 3. | Жоғарғы технологиялық өнім өндірісінде франчайзингті дамыту жөнінде кәсіпорындарға ұсынымдар, франчайзингтік оқу-консультация орталығын құру жөнінде ұсыныстар дайындау, Қазақстан рыногында жұмыс істеуге мүдделілік танытатын жетекші франчайзингтік компанияларды тарта отырып, франчайзинг бойынша өңірлік семинарлар өткізу | Семинарлар өткізу | ЭИСМ, кәсіпкерлер одақтары мен қауымдастықтары (келісім бойынша) | 2000 жылдың ішінде | - | - |
| 4. | "Астана-технопарк" көрме орталығының (Астана қаласы) базасында тұрақты жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы техникасының көрмесін құру | Негіздемелік шарт | ЭИСМ, Астана қаласының әкімі, "Астана-технопарк" ААҚ (келісім | 2000 жылғы қазан | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бойынша) |
| **5. Қайтадан құрылатын және дамушы өндірістерді техникалық және технологиялық жарақтандыру** | | | | | | |
| 1. | Лизинг беруші лизингке беру үшін сатып алуы мүмкін машина жасау жабдықтарының, оның ішінде республика кәсіпорындарында пайдаланылмайтынын және бар тізбесін анықтау | Жабдықтардың тізбесі | ЭИСМ, "Машина жасауды болжамдау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" РМҚК | 2001 жылғы қаңтар | - | - |
| **6. Бағдарламаны ғылыми-техникалық қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 1. | "Машина жасаудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды құрудың 2001-2005 жылдарға арналған ғылыми-техникалық проблемалары" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЭИСМ, АШМ, ККМ | 2000 жылғы желтоқсан | - | - |
| **7. Инвестициялар және қосымша қаржы қаражатын тарту үшін жағдайлар жасау** | | | | | | |
| 1. | Инвестицияларды сақтандыру экономиканың накты секторының жобаларына кредит беру жөнінде бірінші кезекте, қаржылық лизингті пайдаланып франчайзинг қағидатында жабдықтар мен технологиялар жеткізілімі нысанында ұйымдастыру сызбасын | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЭМ, ЭИСМ, Инвестициялар жөніндегі агенттігі | 2000 жылғы желтоқсан | - | - |

әзірлеу

---

**8. Екінші деңгейдегі банктермен жұмысты жетілдіру және олардың импорт алмастырушы және экспортқа бағдарланған дайындығы жоғары дәрежедегі өнім өндіру жөніндегі жобаларды басымдықпен кредиттеу бағытындағы мүдделерін арттыру**

---

1. Отандық тауар өндіруші- Екінші ЭИСМ 2000 - -
лерді қолдау шаралары деңгейдегі жылғы
шеңберіндегі машина жасау банктерге қыркүйек
жобаларын кредиттеу ұсыныс
кезінде екінші деңгейдегі
банктерге провизиялар
қалыптастыру норматив-
терін төмендетуді
ұсыну

2. Өнеркәсіп пен екінші дең- Қазақстан ЭИСМ, ЭМ, 2000 - -
гейдегі банктердің эко- Республика- ҚарМ жылғы
номикалық орындылық және сының қазан
пайдалы ықпалдасу дәре- Үкіметіне
жесін айқындау, олардың ұсыныс
жобаларға және кредит-
телетін кәсіпорынды бас-
қаруға үлестік қатысуы
үшін мүмкіндік беру

---

**9. Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың салалық және кіші салалық бағдарламаларын әзірлеу**

---

1. Қазақстан Республикасының Нормативтік ИСМ 2000- Барлығы - Рес-
басым бағыттар бойынша құқықтық 2003 8 344 мың пуб-
машина жасау кешенін кесімдердің жылдар теңге, ли-
дамытудың бағдарламаларын жобалары оның ка-
әзірлеу ішінде лық
жылдар бюд-
бойынша: жет
2000 - 0;
2001 жыл
- 3 000
мың теңге;

2002-5344 мың теңге; 2003-көзделмеген

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК